

«АЛАТАУ» ГАЗЕТІНЕ ҚҰРМЕТІМ ШЕКСІЗ!



Жетісу өңірінің тумасы ретінде менің «Алатау» газетіне деген құрметім шексіз. Баспасөз – адамның бір серігіне айналу керек деп ойлаймын. Мен жастайымнан өлеңді серік еткен жанмын. Туған елден жырақта болғандықтан ел жаққа көп өлеңдейміз. Биылғы жылы осы басылымның біраз топтамаларын сұратып алдым. Бұрын облыс тұрғындары мендей ақын қыздары бар екенін білмейтін. Осы «Алатау» газетіне биылғы жылы туған елде өткен «Қаройдан қанат қаққан жыр» атты кешімің өтуіне байланысты Балқаш аудандық білім бөлімі әдіскері Жетпісбай Қойшығұлов ағамыздың «Өлеңмен өрілген өмір» атты мақаласы арқылы мені таныта бастады. Облыстық «Алатау» газетіне жарқ етіп шыққан көлемді мақала мені қатты толқытты. Менің де елім, құрметтейтін халқым, мақтанатын осындай басылым барына қатты қуандым. Газеттер қолыма тиісімен оқып шықтым.

«Алатауда» әлеуметтік мәселелердің барлығы қамтылған. Соңғы беттегі «Көкжиек» қосымшасынан қызықты деректер мен тағылымы мол тәмсілдерді оқуға болады. Мұғалім, дәрігер, сот саласының қызметкерлерінің мақаласы жариялау өзге басымдарда ақылы. «Алатау» газетінде мұндай мүмкіндіктің тегін екендігі көңіл қуантады. Өнер адамдары туралы деректерді, ақын-жазушылардың шығармаларын, тарихи материалдарды ортаңғы беттен оқи аласыз. Айттыстарды да жиі жариялап тұрады. Газетке 25% жеңілдікпен жазылып, наурыз мерекесі қарсаңында өткізілетін лотерея ойынына қатысып, қомақты жүлдеге иеленуге мүмкіндік беріп отыр.

Жерлестерді «Алатау» газетіне жазылуға шақырамын. Газетті қаламдас замандасым Айтақын ағаның басшылыққа алып отырғаны үшін де қуандым. Қазір дамыған заман. Бүгінгі басылымдардың кез келген нөмірі сайтта интернет желісінде сақтаулы тұрады. Алайда, газетті қолмен парақтап оқығанға ештеңе жетпейді. Әр апта сайын «Алатаумен» қауышайық, ағайын!

Сәнді АҚЫЛАЙ, ақын.

ОЙТОЛҒАҚ

ҚазАқпараттың хабарлауынша, Парламент Сенатының жалпы отырысында Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаевтың атына жолдаған депутаттық сауалда сенатор Әли Бектаев Аграрлық секторда 2500-ден астам маман жетіспейтіндігін мәлім етті. Депутат сөзіне қарағанда, ауылшаруашылығы саласындағы мамандардың орта жасы 50-ден асқан, ал мал дәрігерлері 58-60 жас аралығын құрайды. Осы тұрғыда «Аграрлық салада көш бастап тұрған Алматы облысының қал-ахуалы қалай? Кадр санының жетіспеушілігі өңірде аталған саланың одан әрі жандана түсуіне кері ықпал етпей ме?» деген сынды көкейдегі бірқатар сұрақтың жауабын тапқымыз келгені рас. Әрі сол арқылы биік мінбердегі сенатор айтқан мәселенің анық-қанығына көз жеткізгенді жөн көрдік.

Халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету аграрлық салаға тиесілі міндет болса, аграрлық сектордың ел экономикасы мен әлеуетіне де айтарлықтай үлесі зор. Өткен жылдың соңында облыс әкімі Амандық Баталов ауылшаруашылығы қызметкерлері күніне арналған салтанатты жиында «Облыс экономикасының драйвері агроөнеркәсіп кешені болып табылады» деген болатын. Өңір басшысы егістікті ертаратпандыру шеңберінде қант қызылшасы 2000 гектарға, жүгері 1453 гектарға, жем-шөп дақылдары 1215 гектарға, көкөніс 707 гектарға алқаптары ұлғайтылғандығын жеткізген еді.

Десе де, жыл сайынғы қар астында қалатын қант қызылшасы мен жүгері, соя сынды дақылдардың шығыны шаш етекпен. Шаруалардың айтуынша арнайы несиелен алынатын жаңа техникаға қойылатын кепілдеменің құны техника бағасына жетпейтіндігін алға тартып, шарасыздық танытады.



АГРАРЛЫ САЛАДА КАДР ТАПШЫ

Республика көлеміндегі ауылшаруашылығы өндірісінің кең ауқымда дамыту мүмкін болмай тұрғандығының себебі де осы. Аграрлық саланы жетілдіруге арналған банк несиелеріне қол жеткізу күрделі мәселеге айналды. Осылайша

еліміздегі ауылшаруашылығына несие және инвестиция тартумен қамтамасыз ету – бүгінгі күннің өзекті тақырыбы.

Жалғасы 5-бетте.

«АЛАТАУ» - ХАЛЫҚҚА ЕҢ ЖАҚЫН БАСЫЛЫМ

25% жеңілдікпен жазыл!

Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Қазір елімізде мемлекеттік мерзімді баспасөздерге жазылу аяқталды. Десек те, біздің «Алатау» газетіміз халықтың сұрауы бойынша, бағасы 25% жеңілдікпен «Өз сүйікті газетіңе жазыл» акциясын бастайды. Сіздің өнді кез келген «Қазпошта» бөлімшесінде еш кедергісіз «Алатауға» жыл соңына дейін жазылып, ұтысқа ие болу мүмкіндігіңіз бар.



Оқырмандар жүрегіне жол тапқан басылымды одан әрі насихаттау әрі көпшіліктің қызығушылығын тудыру мақсатында оқырмандарға арнап ұтыс ұйымдастырып отырмыз. Ұтыс ойынын «Қазпошта» АҚ-мен бірлесіп отырып наурыз айының соңында қорытындылайтын боламыз. Оқырмандар қаңтар айынан бастап жазылса, газет келесі айдан бастап қолына тиеді.

Жазыл ға, ҰТЫП АЛ!

Газетке жазылуға байланысты жеке тұлғаларға арнап Instagram парақшасы ашылады. Ұтыс иелерін анықтау жариялы түрде жүргізіледі, яғни Instagram әлеуметтік парақшасында тікелей эфирде өтетін болады. Жеңімпаздар туралы ақпаратты наурыз айында газетке де жариялайтын боламыз. Жазылуға атсалысқан байланыс бөлімшелері де сыйлыққа ұсынылады. Сондықтан газетке жазылғандар түбірек көшірмесін 24-наурызға дейін редакцияға жолдауы міндет. ЕНДЕШЕ, ІСКЕ СӘТ, ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!



I орын
Смартфон
Samsung
Galaxy A6



II орын
Шаңсорғыш
Bosch
BGS05A220



III орын
Мультиварка
REDMOND
RMC-M252



IV орын
Қысқатолқынды пеш
Elenberg MS-2011M



V орын
Блендер Elenberg
HAT-9601E



VI орын
Миксер Elenberg SW-601

Түбіртектің түпнұсқасын өзіңізде қалдырып, көшірмесін «Қазпошта» арқылы Талдықорған қаласы Қабанбай батыр көшесі, 32-үй 2-қабат мекенжайына жолдаңыз. Индекс: 040000. Немесе түбіртекті сканерден өткізіп, басылымның alatau_offset@mail.ru поштасына жіберуге болады. Сонымен қатар 87028817110 ұялы телефонына WhatsApp желісі арқылы жолдауға мүмкіндігіңіз бар. Қосымша ақпарат: 87714037399 нөмірінен ала аласыздар.

Индексі: 16534

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ
1 жылға – 2400 теңге.
ОБЛЫСТЫҚ БАҒЫНЫСТАҒЫ
КАЛАЛАР ҮШІН
1 жылға – 3434, 52 теңге.
АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫНА
1 жылға – 3657, 96 теңге.

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

С РЕДАКЦИИ
1 год – 2400 тенге.
ДЛЯ ГОРОДА
НЕОБЛАСТНОГО ЗНАЧЕНИЯ
1 год – 3434, 52 тенге.
ДЛЯ СЕЛЬСКОГО НАСЕЛЕНИЯ
1 год – 3657, 96тенге.

«ҚАЗАҚ РЕСПУБЛИКАСЫ» АТАУЫН ҚАЙТАРУДЫ ҰСЫНДЫ



Азат ПЕРУАШЕВ

Мәжілістің пленарлық отырысының депутат сауалы кезінде премьер-министр Бақытжан Сағынтаевқа «Ақ жол» партиясы тарапынан «Қазақстан» атауының орнына елімізге ресми «Қазақ Республикасы» атауын қайтару мәселесін қарастыруды ұсынамыз» деген ой айтылды.

«Құрметті Бақытжан Әбдірұлы, келесі жылы КРСО құрамындағы Қазақ республикасының құрылғанына 100 жыл толады. Бұл тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына негіз болған мемлекет», – деді Перуашев премьер-министрге.

Сондай-ақ, «Ақ жол» партиясы Қазақ республикасының 100 жылдығына мемлекеттік деңгейде көңіл бөліп, атап өтуді ұсыныс етті. Мемлекет басшысының «Мәңгілік ел» идеясын алға тартқан партия өкілдері «Қазақ» деген ұғымды таныту арқылы тарихи еділеттілікті орнатып, халықтың бірлігі мен ынтымақтастығы нығаятынына сенім білдірді.

ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ ҚАТЕЛІГІНЕН КӨЗ ЖҰМДЫ



Талдықорғанда науқас дәрігерлер қателігінен көз жұмды. Облыстық аурухананың дәрігерлері гемоглобині 50 болып тұрған әйелге 4 мәрте басқа топтағы қан құйған соң, жағдайы нашарлай түскен. Осы уақытқа дейін IV топтағы қан құйған, ал науқастың қан тобы III болып шықты. «Екі рет құйғанда екі бүйрегі істен шыққан, пневмония болған», – дейді марқұмның қызы Қарлығаш Қайыпбекова.

Алматы облыстық аурухананың бас дәрігері Мұрат Рахметовтың айтуынша, үшінші, төртінші рет құйылғаннан кейін ауруды үдетіп жіберген көрінеді. Марқұм Анархан Қырғызбаеваның балалары ендігі істі еліміздің Бас прокуратурасы бақылауына алса дейді.

Дерекөтер 31.kz сайтынан алынды

Әлем жаңалықтары

- Малайзия тарихында он алтыншы король сайланды. Сұлтанның есімі – Риайятуддин Әл-Мустафа Биллах Абдулла. Жаңа корольді сайлау шарасы – Риайятуддин Әл-Мустафа Биллах Абдулла. Жаңа корольді конституция бойынша ел астанасы Куала-Лумпурда өтті. Малайзия корольді конституция бойынша әр бес жыл сайын мұра болып қалыптасқан дәстүрге сай тоғыз сұлтан арасында тағайындалады. Олар елдегі тоғыз штатты билейді.
- Францияда сәбилерге арналған кейбір жөргектердің ішінен улы заттар табылды. Мамандардың жүргізген сараптама қорытындысы бойынша, жөргекте гербицид, глифосат, сонымен қатар косметикалық өнімде қолданылатын кейбір хош иісті көмірсутектер кездескен. Жергілікті тұрғындар да бұған алаңдаушылық білдіріп отыр. Билік мәселені шешу үшін өндіруші компанияларға екі аптадай уақыт берді.
- Америкалық киноакадемия «Оскар» премиясының ең үздік фильмі жүлдесіне 8 үміткерді таңдады. Олар: «Қара пантера», «Қара тайпадан шыққан адам», «Жасыл кітап», «Богем рапсодиясы», «Жұлдыз өмірге келді», «Билік», «Сүйікті» және «Рома» фильмдері. Айтпақшы, осы «Рома» фильмі – Netflix компаниясынан «Оскарға» ұсынылған алғашқы картина. Соңғы дауыс беру 19 ақпан күні аяқталады. Ал салтанатты марапаттау рәсімі 24 ақпан күні Лос-Анджелесте өтеді.
- Киевте өткен съезде «Батьківщина» партиясының көшбасшысы Юлия Тимошенко президенттікке үміткер ретінде ұсынылды. Осылайша саясаткер үшінші мәрте Украина басшысының орнына дәмелі. Жалпы осы жолы үміткерлердің саны оннан асқан. Жүргізілген әлеуметтік сауалнама бойынша Тимошенко көш бастап тұр. Үміткер «Ұлы Украина – менің мақсатым» атты ұранмен халыққа еңбекақы мен зейнетақыны 3,5 есеге ұлғайтамын деп уәде етуде. Сонымен қатар әр жас отбасының баспанамен қамтылуына мүмкіндік беріп, денсаулық сақтау реформасы ұсынылады деп сендіруде.
- Чилиде 6,7 магнитудалық жер сілкінісі орын алып, салдарынан екі адам ажал құшты. Тағы жүз мыңнан астам тұрғын жарықсыз қалған. Жер асты дүмпуі Кокимбо қаласының оңтүстік-батысына қарай 16 шақырым жерде тіркелді. Жер сілкінуінің соңы таулы елді мекендерде көшкінге ұласқан. Ал билік өкілдері цунами орын алуы мүмкін деген қауіппен жағалаудағы отбасыларды қауіпсіз жерге эвакуациялады. Ал қаза тапқан екі тұрғын – егде жастағы азаматтар.

24.kz

ЧЕЛАХҚА ҚАТЫСТЫ ҮКІМ ӨЗГЕРІССІЗ ҚАЛДЫ

Informburo.kz сайтының мәліметіне сүйенсек, Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты «Арқанкерген» оқиғасына қатысты істі қайта қарау туралы өтінішті талқылады. Жоғарғы сот кассациялық сатыда оны өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасына қатысты үкімді қайта қарауға кірісіп кеткен болатын.

Естеріңізге сала кетсек, осы жылдың 18 қаңтарында өмір бойына бас бостандығынан айырылған Владислав Челах ҚР Жоғарғы Сотына өз ісін қайта қарауға өтініш берген еді. Прокурор Марат Нурмухамедов Челахқа тағылған айып пен шығарылған үкім толықтай заңға сай екенін айтты. Төрағалық етуші судья Рахметуллин сот алқасының ұйғарымын оқыды. Онда Владислав Челахтың үкімін өзгеріссіз қалатыны айтылған.



КҮЙІНІШ

ПЕРЗЕНТХАНАДАҒЫ ҚАЙҒЫЛЫ ЖАҒДАЙ

Талдықорған қаласында облыстық перинаталдық орталықта егіз сәбиді дүниеге әкелген жас ана көз жұмды. Оқиға 19 қаңтарда болған.

«Пациент 15 күн бойы интенсивті терапия бөлімінде ем қабылдаған. Жағдайы тұрақты болып, жақсарып келе жатқанымен босанғанда қан кетіп, күрделі операция жасауға тура келді. Сол операция барысында әйелдің жүрегі кенеттен тоқтап қалған. Дәрігерлер оның өмірін сақтап қала алмады. Жасаған әрекеттер нәтиже бермеді. Өлім тромбоземболияның қауіпті асқынуынан орын алуы мүмкін», – деп мәлім етті облыстық Денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі. Қазіргі уақытта аталған оқиғаға байланысты қызметтік тексерістер жүргізілуде.

Айта кететін жағдай, 29 жастағы жас ананың артында 4 баласы қалды.

Гүлназ ЕРДАУЛЕТОВА.



В РАМКАХ РЕСПУБЛИКАНСКОГО СЕТЕВОГО ГРАФИКА ОСНОВНЫХ МЕРОПРИЯТИЙ ПАРТИИ «НҰР ОТАН» ПО РЕАЛИЗАЦИИ ТРЕТЬЕГО НАПРАВЛЕНИЯ ПАРТИЙНОГО ПРОЕКТА «КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК» - «БУДУЩЕЕ БЕЗ БАРЬЕРОВ» БЫЛ ПРОВЕДЕН РЕЙД В РАМКАХ ОБЩЕСТВЕННО-ПАРТИЙНОГО МОНИТОРИНГА КАЧЕСТВА ОБЕСПЕЧЕНИЯ ДОСТУПНОСТИ И УСЛУГ ОБЩЕСТВЕННОГО ТРАНСПОРТА ДЛЯ ГРАЖДАН С ИНВАЛИДНОСТЬЮ В ГОРОДЕ ТАЛДЫКОРГАН.

ПАРТИЙЦЫ ПРОВЕЛИ РЕЙД

На рейде принимали участие руководство Талдыкорганского городского филиала, представители гражданского сектора, общественных объединений инвалидов города, сотрудники отдела контроля пассажирского транспорта и полиции, консультанты областного филиала партии.

«В ходе рейда комиссия проверила доступность общественного транспорта по направлениям №8 Восточный мкр., 5 район обл.больницы, 23 дача «Уйтас» принадлежащие транспортным компаниям ТОО «Транстал» и ТОО «Жан Ел».

В 12 светофорах города установлены специальные сигнальные оповещатели для людей с слабым зрением:

Ракишева – Алдабергенова, Тауелсиздик – Балпық би, Тауелсиздик – Рустембекова, Акын Сара – Кабанбай батыр, возле торгового дома «Даулет». Также задействованы службы «Инватакси» общественного объединения «Берен» при ТОО «Ерлик» и корпоративном фонде «Жетісу». На использование автотранспортных средств в 2018 году выделено 37,5 млн.тенге. В текущем году более 227 маломобильных людей пользуются услугой «инватакси», - говорит первый заместитель городского филиала партии Аманжол Жазыкбаев.

О ситуации с общественным транспортом города разъяснил заведующий сектором городского отдела пассажирского транспорта и автомобильных до-

рог Нурбакыт Алтынбеков.

«В настоящее время маршрутная сеть, общей протяженностью более 300 километров состоит из 26 маршрутов, количеством 190 автобусов, из них 14 автобусов имеют возможность в перевозках людей с ограниченными физическими возможностями, включая пользователей инвалидных колясок, так как оборудованы с низкопольной задней площадкой для инвалидов. Для лиц с нарушениями зрения автобусы оборудованы звуковыми автоинформаторами для автоматического объявления автобусных остановок.

Ежегодно проводятся ряд мероприятий по поддержке лиц с ограниченными возможностями. В частности,



предоставление льготных проездных билетов на общественном транспорте, к примеру в 2019 году за счет собственных средств перевозчиков для инвалидов выделены 430 проездных билетов», - докладывает Нурбакыт Кудайбергенович.

Справочно: по городу Талдыкорган зарегистрированы 4752 инвалидов, среди них инвалиды 1,2 группы – 2219, 3 группы – 1776, 757 детства.

Ш. БАТЫРХАН.

ПОЛУЧИТЬ ВОДИТЕЛЬСКИЕ УДОСТОВЕРЕНИЯ МОЖНО В 22 РАЙОННЫХ ЦОН

Для того, чтобы заменить водительское удостоверение жителям 22 районов Казахстана необязательно ехать в специализированный ЦОН. Сдать документы на замену «прав» они могут в обычном ЦОНе. После внедрения в Астане и Алматы этой проектраспространился на 11 областей Казахстана, включая 19 районных и 3 городских ЦОНа. Напомним, это стало возможным благодаря тому, что в данных ЦОНах были размещены сотрудники регистрационно-экзаменационных пунктов административной полиции.

щие спецЦОНЫ в областных центрах, а также дает возможность автолюбителям менять водительские удостоверения, не выезжая за пределы своего района или города. Всего за 2018 год в данных ЦОНах выдано около 12 тысяч водительских удостоверений.

Прием заявлений на замену водительских удостоверений происходит с понедельника по субботу, с 9.00 до 18.00 часов, без перерыва на обед. Выдача - согласно графику работы: с понедельника по субботу, с 9.00 до 20.00 часов, без перерыва на обед.

Напомним, что в настоящее

ремя на портале, гражданин может сам выбрать ЦОН, где желает получить готовые права, из списка предложенных на портале.

Список районов, где можно заменить водительские удостоверения

1. Алматинская область: Енбекшиказахский район;
2. Акмолинская область: Есильский район, Аккольский район, г. Степногорск;
3. Жамбылская область: Сарыусуский район, Таласский район;
4. Восточно-Казахстанская область: Жарминский район;
5. Западно-Казахстанская область: Казталовский район, Бурлинский район;
6. Карагандинская область: Каркаралинский район, Осакаровский район;
7. Кызылординская область: Казалинский район, Жалагашский район, Аральский район, Жанакорганский район, Кармакшинский район, Шиелійский район;
8. Павлодарская область: г.Аксу;
9. Северо-Казахстанская область: Тайынштинский район;
10. Мангистауская область: Бейнеуский район;
11. Туркестанская область: г.Туркестан, Сайрамский район.



Осуществить замену водительского удостоверения в обычных ЦОНах можно в 2-х случаях: при замене водительского удостоверения, срок которого на момент сдачи документов не истек, и при его утере. Проект позволяет снизить нагрузку на действующий

время услуга по замене водительских удостоверений реализована также на портале электронного правительства. В случае оформления водительского удостове-

КИБЕРПРОСТРАНСТВО - НОВЫЙ СПОСОБ ТРАВЛИ ДЕТЕЙ

По недавнему докладу ЮНЕСКО, эксперты пришли к мнению, что каждый третий школьник в мире хоть раз становится жертвой травли и издевательств на школьной скамье. Данные о травле детей были собраны со 144 стран мира. В Северной

Америке и странах Западной Европы школьники используют психологическое давление. Например, в классе появляется изгой или группа учеников, которые постоянно становятся жертвами психологического давления со стороны других. Эксперты отмечают, что в других государствах на первом месте физические издевательства. Зачастую жертвами физической травли становятся мальчишки, а девочки больше подвергаются психологическому давлению. Также участилась травля в киберпростран-

стве, посредством смартфонов и социальных сетей. Издевательства в киберпространстве – это новый вид травли детей. Психологическое насилие предстает в виде шантажа. Не редко школьники публикуют фото или видеоматериалы, которые омрачают репутацию жертвы травли в учебном заведении. Несформированные детские умы порой заходят слишком далеко, и последствия издевательств имеют смертельный исход. Причиной травли детей могут послужить внешние данные, расовая принадлежность, национальность, социальный статус и отличие от большинства.



Несмотря на трудности для предотвращения травли в школе, эксперты отмечают улучшения в некоторых государствах. Из 144 стран, где проводился опрос, в 71 число случаев издевательств и физического насилия сократилось почти наполовину. Учебные заведения создали программу по проверке и поддержке учителей и пострадавших учеников, и расширили права и возможности детей.

М. КЕНЕСОВА.

Жалуются на отсутствие мусорного полигона

ПО СООБЩЕНИЮ ПРЕСС-СЛУЖБЫ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ, В УЙГУРСКОМ РАЙОНЕ ПРОШЛА РАБОЧАЯ ВСТРЕЧА ПО ОБСУЖДЕНИЮ ПРОБЛЕМНЫХ ВОПРОСОВ В СФЕРЕ ТУРИСТСКОЙ ОТРАСЛИ И ОКАЗАНИЯ ПРАВОВОЙ ПОМОЩИ СУБЪЕКТАМ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ, РАСПОЛОЖЕННЫМ НА УЧАСТКЕ КАРАДАЛА.

Как сообщил директор филиала Уйгурского района Палаты предпринимателей Алматинской области Муслим Амангельдиев, бизнес-сообщество подняты вопросы стихийных свалок мусора, стихийной застройки территорий и самовольного бурения скважин. Также предприниматели заявляют о необходимости разработки предупреждающих знаков и других мер безопасности при купании.

Рабочая встреча прошла с участием заместителя акима района Алимжана Хусурова, эксперта Палаты предпринимателей Алматинской области Саната Тусипова, руководителей отделов акимата, представи-

телей Балхаш-Алакольской инспекции, отдела ЧС, УГД.

Одной из главных тем обсуждения стал вопрос борьбы со стихийной свалкой, организации специального полигона и переработки твердых бытовых отходов (ТБО).

Руководитель районного отдела ЖКХ Талгат Сайдахметов ответил, что уже определен участок для вывоза ТБО, а также имеется предприятие, изъявившее желание приступить к переработке. Будут взяты под контроль правила вывоза мусора.

Внимание предпринимателей обострило на профилактике пожаров. «Как вам известно, на территории зон отдыха, не раз происходили

пожары, на которые выезжали наши сотрудники. А также необходимо на территории зон отдыха установить информационные таблички, видеонаблюдение для контроля за безопасностью посетителей и их детей при купании», - обратился к бизнесменам руководитель отдела по ЧС по Уйгурскому району Габит Бегалин.

По данным районного отдела государственных доходов, в районе 42 мест размещения туристов. Всего за 2018 год обслужено 73 374 человек, объем услуг составил 355,6 млн тенге. Несмотря на продолжительность туристского сезона (более 120 дней в году) Уйгурский район по количеству



посещаемости в 10 раз уступает озеру Алаколь.

Как сообщил замкаима района Алимжан Хусуров, уполномоченными органами в сфере развития туризма разработаны маршруты посещения памятников природы. Для дальнейшего развития будет разработан генеральный план участка Карадала. Планируется проведение газификации, протяженностью в 65 км с возможностью подключения соседних поселков.

Вместе с тем, местный исполнительный орган обращает внимание на факты стихийной застройки территорий и самовольного бурения скважин, отсутствия сопутствующих документов для осуществления деятельности (раз-

решение на спецводопользование, акт ввода в эксплуатацию) предпринимателями.

Нередко представители бизнеса не согласовывают строительство и застройку территорий, а также не осуществляют налоговые выплаты.

Эксперт Палаты предпринимателей Саната Тусипов разъяснил применение контрольно-кассовых машин с функцией передачи данных, выписки электронных счет-фактур. Как оказалось, из-за сбоя сети интернет предприниматели не в полной мере могут осуществлять работу на онлайн-кассовых аппаратах.

Ш. ХАМИТОВ.

АЙҒАЙ – ҚАТТЫ, НӘТИЖЕ – СЫЛБЫР

Жыл сайын дәрі бағасы қымбаттамайды деп уәдені үйіп-төгіп беріп, халықты алдартқандай болатын билік өкілдері жұмыстарынан әлі де оң нәтиже байқалар емес. Отандық дәрі-дәрмек үлесін арттыру мәселесі талай рет күн тәртібіне қойылғанымен, «баяғы жартас – сол жартас». Соның салдарынан емханаға аяқ баспайтындар саны көбейді деп айтуға болады. Неге дейсіз? Себебі, тексерілу мен емделудің түбі біраз қаржыға келіп тірелетіндіктен енді дертіне дауа іздегендер емхана мен дәріхананың табалдырығын аттауға жүрексінетін болғаны да өтірік емес.



ЖАСЫРҒАННЫҢ АРАСЫ АСҚЫНАДЫ

Еліміздегі дәрі-дәрмек тапшылығы мен медициналық препараттардың ай сайын қымбаттап, тұрғындардың қалтасын қағуы күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселеге айналды. Дәрі-дәрмектің нарықтағы құнын сараптаған Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Қазақстанды дәрі-дәрмегі аса қымбат елдердің қатарына қосқан болатын. Өйткені, отанымыздағы дәрі-дәрмектің бағасы басқа мемлекеттермен, мысалы, Шығыс Еуропа және ЕАЭО елдерімен салыстырғанда әлдеқайда қымбат болып шыққан.

Аяз қысып, күн суытқалы дәрі-дәрмек бағасы тағы да өршуде. Әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ болған соң ба, дәріхана қожайындары бағаны өздері көтеріп алуда. Бұл өзі жыл сайын үрдіске айналып барады. Қалай десек те, дәрі бағасы бұдан былай қымбаттамаса, төмен түспейтін сыңайлы.

Бүгінгі таңда елімізде 10 мың дәріхана, сегіз мың атаулы дәрі-дәрмек түрлері тіркелген. Оның ішінде көбі Германия, Франция, Ресейден жеткізіледі екен. Негізі дәріхана сөресіндегі өнімдердің 90 пайызы шет елден әкелінеді және доллармен сатып алынады.

Емдік тауардың басымы бөлігі шетелден тасымалданатындықтан, доллар қымбаттағалы дәрі құны тіпті аспандап тұр. Дәрі бағасы шарықтады. Ал қарапайым халықтың жағдайы ше? Қалтасы жұқа қараша жұрттың дәрі бағасының шаңына да ілесе алмайды.

Бағасы халыққа жеткенше бірнеше есеге дейін қымбаттайтын дәрі-дәрмек әсіресе қыс басталып, тұмаудың түр-түрі жүретін шақта қараша қауым үшін әдеттегідей жығылғанға жұдырық болуда. Демек, екінші себебі, дәрі бағасы күннен-күнге шарықтауына алыпсатарлардың да үлес мол. Басы ауырып, балтыры сыздағаннан бәрі дәрігер жазып берген дәрілерге мұқтаж. Сондықтан дәрі іздеп, қай дәріханада арзандау деп сабылып жүрген халықты көресің.

Айналып келгенде, «өлгің келмесе өзің үшін аласың» деген дәріханадағыларға бақылау жасап, бір жүйеге түспегендігі қараша қауымды ашындырып отыр. Себебі, биліктегілер өткен жылы Оңтүстіктен шығатын дәрі жыл соңына дейін қымбаттамайды дегенімен, дәріханадағы баға әрқалай болды. Біріндегі төмен бағадағы дәрі енді бірінде қымбат, немесе керісінше.

«Дәрі-дәрмек бағасы жөнінде қарапайым тұтынушылар не дейді? Ал денсаулығын оңалтуға тырысқан науқас қымбаттаған дәрі-дәрмекке қалай қол жеткізбек?» деген сұрақтарға жауап іздеп көрдік. Сонымен...

Қызылша ауруы қазіргі таңда өлем елдерін біршама абдыратып отыр. Әдетте қараша мен наурыз айларының аралығында өршейтін бұл ауру соңғы жылы күрт көбейіп кетті. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, аурудың өршуіне Еуропа өңірінде, оның ішінде елімізбен шекаралас елдердегі қоздырғыш циркуляциясының өсуі себеп екен. Солардан жеткен инфекция дәл қазір бізге қауіп тудырып тұр. Ең қорқыныштысы, қызылшамен ауру қаупі еліміздің барлық аймақтарында асқынууда. Мамандардың өзі аурудың бөті қашан қайтатынын айта алмауда. Тіпті медицина қызметкерлері науқастарға ем-дом жасап жүріп, осы індетті жұқтырыпты. Еліміз бойынша соңғы үш айда бұл аурумен 770-ке жуық адам ауырған. Бұл турасында «Толығымен ем жүргізу үшін вакцина бар. Тағы 100 мың вакцина сатып аламыз» – дейді Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің төрағасы Жандарбек Бекшин.

Дәрі-дәрмектердің бүгінгі бағасы аспандағы қол жетпейтін аймен бірдей. Ал дәріге мұқтаж адамдардың басым бөлігі – зейнеткерлер мен қиын дертке тап болған жандар. «Аурудың жақсысы жоқ, дәрінің тәттісі жоқ» демекші, дәрісіз жүре алмайтын емделушілермен де пікірлестік.

Бейбіт есімді зейнеткер: «Дәріханаға бара қалсақ, қалтамыз айтарлықтай жұқарып қалады. Зейнетақы мен жәрдемақы аздап қана көтерілсе, азық-түлік пен дәрі-дәрмек бағасы еселеп өсуде. Сатушылар ойындағы құнын белгілеп отыр. Сонда бұны реттеп, қадағаласа болмай ма? Қарапайым халық дертіне шипа болар емді қайдан табады? Бұл – өте қиын әрі ұят жағдай», – дейді.

Бүгінде жүріп жатқан тұмаумен көбіне бүлдіршіндер ауруда. Емханада баласын сүйретіп жүрген ата-



аналар көп. Солардың бірімен пікірлескенімізде: «Жасыратыны жоқ, дәріханалардағы бағаның құбылмалылығына тұрғындардың еті үйренді. Бір ай бұрын алған дәрінің келесі айда қымбат болуы таң қаларлық жайт емес. Суық тию мен тұмау аурулары белең алатын бұл кезеңде препараттардың бағасы тіпті шарықтап тұр. Алысқа бармай-ақ, тұтынушылар жиі қолданатын тұмауға қарсы дәрілерді алайықшы. Бәрі де қымбаттаған. Мысалы, кеше қызыма алған аз дәрінің бағасының өзі төрт мың теңге болды», – деп жауап берді. Сонымен бірге соңғы жылдары бағасы былай тұрсын, бірқатар медициналық препарат адамның денсаулығын жақсартудың орнына кері әсерін тигізіп жатқаны да бар екен. Айталық, бірнеше жылдан бері сапасыз вакциналардың салдарынан келеңсіз жағдайлардың орын алуы ата-аналардың

Бүгінде қант диабеті ауруының қарқынды өсуі өлемдік денсаулық сақтау ұйымдарының жаһандық проблемаларының біріне айналып отыр. Өлемнің 422 миллион тұрғыны осы аурудың құрығына іліккен. Тіпті, бұл дерек екі есеге өсуі мүмкін деген қауіп те бар. Біздің елдегі жағдай да мез емес. Еліміз бойынша бұл дертпен ауыратын адамдар саны 300 мыңнан жығып артылады. Бұл – ресми есеп. Ал қаралмаған, білмейтін тұрғындар көрсеткішін қоссақ не болмақ? Мамандардың пікірінше, бұл дертке шалдығу қаупі дәл қазір мейлінше арта түскен. Бұған басты себеп – адамдардың аз қимылдауы, шектен тыс салмақ қосуы, ұн өнімдерін көп пайдалану, майлы және қуырылған тамақтарға көбірек құмарлық, т.б. Бүкіл өлемде әрбір 10 секунд сайын қант диабетіне қатысты себептермен 1 адам, ал жылына бұл аурудан 4 миллион адам қайтыс болады екен. Сондықтан қант диабеті ауруымен мемлекет болып күресу қажет. Оның барлығы соңында дәрі мен қаражатқа келіп тіреледі...

жаппай екпеден бас тартуына алып келген-ді. Бұл да – күні бүгін медицинадағы мәселенің бірі.

Әрі мемлекет тарапынан тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілуі тиіс науқастардың кейбірі дәрісіз қалып, ал сатып алуға қаражат мәселесі қинайтындардың жағдайы да – уақыт күттірмей шешімін табуы тиіс іс.

Аурухана маңына барғанымызда аурухана мен үй ортасында сабылып жүрген халықтың өкпесі қара қазандай екенін байқадық. Олардың көбі «Қазір ауруханаға талонсыз кіргізбейді. Ал талон алу үшін хабарлассақ қабылдау бөлімі телефонын көтермейді. Мың рет хабарластық деп айту аз болар. «Бірің өліп, бірің қалдың» күйін кешуіміз керек пе сонда?» деп шағымданды.

Уақыт – жүйрік десек те, өткен көктемдегі менингококк инфекциясының өршіген шағын ешкім де ұмытпаған болар. Сол уақыттағы екпенің қымбаттығына

халық тағы бір дүрлікті. Тіпті, үрейі ұшқан халық масканы алатындарын біліп, сатушылар бағаны 40-50 теңгеге өсіргенде де бақылау болмап еді...

«Жасырғанның жарасы асқынады» демекші, дәріханалардағы ащы шындық осы.

ТҮЙІН: Медициналық мақсаттағы бұйымдардың бағасын ұстап тұру туралы арнайы меморандумға қол қойылған. Десе де, жоспар мен жұмыстың айғайы қатты да, нәтижесі – сылбыр. Бұдан туындайтын сұрақ: емделушілерге қымбат дәрі-дәрмектерді сатып алуға итермелейтін дәрігер ме, бюджеттік қаржыны үнемдеп қалуды көздейтін мемлекеттік сатып алулар ма, елде адамның денсаулығы есебінен баюды көздейтін фармацевтикалық компаниялар ма? Қазір «Ең дұрыс жол – ауырмау. Аурудың алдын алып, күтіну керек. Басқа амал жоқ...» деп отыратын заман емес. Дамимыз, 30 елдің қатарына кіреміз деген халқымыздың басты байлығы – денсаулығына көңіл бөлінбесе, басқасына не қайыр...

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында: «Халықтың өмір сүру ұзақтығының өсуіне және медициналық технологиялардың дамуына байланысты медициналық қызмет көрсетуге деген сұраныс көлемі арта түсетін болады.

Қазіргі денсаулық сақтау ісі қымбатқа түсетін стационарлық емге емес, негізінен аурудың алдын алуға бағытталуға тиіс.

Осы және басқа да шараларды іске асыру үшін «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің жаңа редакциясын әзірлеу қажет», – деді. Президентіміздің осы жолдауын негізге ала отырып, елдегі денсаулық саласына күрделі өзгерістер енгізу аса қажет. Соның бір тармағы дәрі-дәрмек мәселесін бақылау күшеймесе, күйі қашқаны – қашқан. Өйтпесе, халықтың денсаулығының артында тұтас бір ұлттың тағдыры жатыр.

БАЛАБАҚША БАҒАСЫНА БАЙЛАМ БОЛМАЙ ТҰР

Балабақшаның базарлы әрі ажарлы үй болғанына не жетсін?! Балалық шақтың бақыты саналатын осы мекемелерге халықтың өкпесі қара қазандай. Себебі, бала тәрбиесіне жауапты мекемелерде мемлекеттік балабақшадан бөлек, жекеменшік балабақшалардың бағасына байлам болмай тұр. Жасыратын несі бар, жекеменшік балабақша – кәсіптің бір саласы. Ал, оның сапасы мен бағасына кепілдік жоқ. Тіпті балабақша бағасын жекеменшік ұйымдардың өздері белгілейді, оны білім бөлімі де, бағаны реттеп отыратын монополияға қарсы мекеме де: «Бақылай алмаймыз» - деген уәж айтады.



Өзіңіз есептеп көріңіз. Талдықорғанда орташа жалақы 80 мың деп айтады. Бірақ, қолыңызға тиетін нақты ақшаны қараңыз. 80 мың бізде жақсы еңбекақы. Өйткені, мемлекеттік қызметкерлердің бас маман лауазымындағылар осы сумманы алуы мүмкін. Мұғалімдер, медбикелер алады. Ал, жекеменшіктегі мекемелер қызметкерлері 50-60 мыңның көлемінде ғана еңбекақыларын алууда. Оның нақты дәлелі балабақшадағы тәрбиешілердің қолдарына таза алатын жалақыларынан көруге болады. Оны бүгінгі нарық жүйесіндегі бағалармен салыстырсаңыз тапқандарына тамақтарынан артылмайды. Оның сыртында коммуналдық төлемдерді қосыңыз. Мен еңбек ететін жекеменшік мекемеде қолымызға тиетіні – 50 мың. Жолдасым 80 мың алады. Екі баламыз 23 мыңнан балабақшаға барады делік. Менің айлығым

антимонополия комитетінің құзыры жүрмейді. Өздері солай деп жауап беріп отыр. Енді сәл жекеменшік балабақшалардың ұстанған бағытына зер салсақ. Олар бірінші орынға балаларды емес, өз пайдасын қоятыны ащы да болса ақиқат. Жекеменшік түгіл, қазіргі таңда мемлекеттік балабақшалар жайының өзі көпшілікті қатты алаңдатуда. Екі салада да, кейбір балабақшаларда санитарлық тазалық жайлы аз дабыл қағылып жатқан жоқ.

Балабақшаның өз жайы былай тұрсын, ондағы тәрбиешілер жайлы небір сұмдықты интернет желілері мен көксандықтың көгілдір экраны, ақпарат құралдары жазып та, көрсетіп те жүр. Мәселен, Қарағанды облысының Теміртау қаласындағы балабақшада, сәбиді жастықпен тұншықтырып, бозторғайдай шырылдатып ұйықтатпақ болғаны бүкіл әлемге тарады. Одан бөлек сәбилерге қол көтерген бала күтушілер туралы интернетте түрлі видеоларды көруге болады. Жекеменшік балабақшаларда тәрбиешілерді жұмысқа қабылдау кезінде, аса мән бермейтінін жасырып-жабуға болмас. Сонда, болашақтың тұтқасын ұстайтын ұрпақты кімнің қолына сеніп тапсырдық дей аламыз?! Балабақшадағы баланың амандығы ғана емес, сол балабақшадан тәлім алып өсетін өркендердің де сана сезімдері үйдегі балалардан анағұрлым жоғары болуы керек-ті.

Біз бірді айтып, екінші бағытқа ауып кетпей тұрып, әуелі балабақшалардың бағасы туралы ойымызды өрбітсек. Талдықорған қалалық Білім басқармасы мамандарынан балабақшаның бағасы туралы жауап алу

мүмкін болмады. Дегенмен осы айдың 25-інен бастап жекеменшік кейбір балабақшалардың бағасы өсетіні белгілі болды. Қала бойынша ең жақсы, барлық талаптарға сай деп саналатын «Ален» балабақшасы 1 балаға айына 20 мыңнан 23 мыңға өсіру мүмкін екендерін айтты. Балабақша меңгерушісі Ақжан Ботаханқызының айтуынша, 2015 жылдан бері 20 мыңдық төлемді өсірмей ұстаған мекеме, барлығы қымбаттап жатқанда өсірмеске болмапты. «Біздің балабақша барлық талаптарға сай. Ата-аналарға артық ештеңе сатып алғызбаймыз. Бәрі өзімізден. Ағылшын, логопед, психология барлығына біз өзіміз ақша шығарамыз. Мемлекеттен бізге бөлінетін қаржы тәрбиешілердің жалақысы, кейбір шығындарымызды ғана өтеді демесек, көп нәрсені өз қаражатымызға жасатамыз. Тіпті, тәрбиеші мен бала күтуші жалақылары негізінен ең төмені 40 мың деп бекітілген болса, біз үстіне қосып 50 мыңнан көбірек төлеп отырмыз. Бірнеше жыл тәжірибесі бар тәрбиешілерге тіпті көп төлеуге мәжбүрміз. Өйткені, бізге жақсы маман керек. Оларға өз қаражатымыздан қосамыз. Өйтпесек мамандар көп тұрақтамайды. Ал, тәрбиешінің ауысуы, балалардың психологиясына жаман әсерін тигізуі мүмкін» - деген балабақша меңгерушісі бағаны барынша өсірмеуге тырысатындарын да жеткізді. Бұл – тек балабақша мәселесі. Енді бағаның қымбаттауы тек бұл емес, азық-түліктер, жол ақысы, киім-кешектер де бұрынғыдан айтарлықтай қымбаттаған.

тек балабақшамен есеп айырысуға ғана жетеді. Олардың киімдері, дәрі-дәрмектері, күнделікті жолдарының өзі қаражатқа келіп тірелмей ме? Есептеп көрейік:

1 балаға – 1 айға:
23 мың – балабақшаға;
15 мың – киіміне (ең аз дегенде);
5 мың – жолына.
Шыққан сумманы қанша балаңыз болса, сол санға көбейтіңіз.
Жалпы шығын – 1 айға:
25 мың – азық түлікке (кемінде);
20 мың – коммуналдық төлемдерге;
15 мың – жолына және түскі асқа шағып көріңіз.

Бұл тек қана менің басымдағы жағдай емес. Ортаңқол тірлік кешіп жатқан әр отбасыға тиесілі. Демек, балаларын балабақшаға бергісі келетін отбасыларға бұл оңайға тұсп тұрған жоқ. Мемлекеттік балабақшалардың бағасы бақылауда деген білім бөлімінің басшылары, жекеменшік балабақшаға бақылау жасай алмайтындарын айтады. Сонда «Қайдан құлақ шығарса қазаншының өз еркі» дегендей, жекедегі балабақшаларға кім бақылау жасайды?! Бұған бағаны бақылайтын монополияға қарсы мекемеге хабарлассақ олар да оған біздің құзыретіміз жүрмейді дейді. Бір сөзбен айтқанда, шаруаларды шатқаяқтатқан дизель отынның бағасы шарықтағандай, жекеменшік балабақшалардағы бағаға байлам жасар бір құзырлы мекемені таппадық.

Г. ЕРДАУЛЕТОВА.

АГРАРЛЫ САЛАДА КАДР ТАПШЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Отандық аграрлы сектор саласын әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік мол. Соны ескерсек, бұл салада бағы темірге байланған техниканың ғана емес, озық интеллект иесі адам ресурсының, соның ішінде жас мамандардың күші де керек-ақ. Жыл сайын орта есеппен 5000-ға жуық түлек аталған мамандықты игергенімен, оның жартысы өз мамандығына сай келмейтін жұмыстарда жүр. Кейбірі тіпті жұмыссыз. «Аграрлық жоғарғы оқу орындарындағы студенттердің 40%-ға жуығы – қалалықтар, ал 70%-дан астамы – қыз балалар. Қала балалары мен қыздардың мәртебесін төмендеткіміз келмейді. Бірақ ертең олардың басым бөлігі егіс алқаптарында жүріп егін егуге,

С недавних пор на интернет-ресурсе Верховного Суда открыт новый сервис «Внешняя оценка судов». Это еще один системный инструмент по оценке работы конкретного суда.

Проект «Внешняя оценка судов» реализован как объективный инструмент оценки работы судов и судей с целью определения уровня доверия населения, защищенности прав и законных интересов граждан в суде.

Отличительная особенность анкетирования – проведение его посредством сервиса «Судебный кабинет». Результаты анкетирования и предложения напрямую поступают в главный орган судебной власти – Верховный Суд, что исключает местное влияние на его результаты и итоги.

В частности, оценивается уровень доступа к правосудию, равноправие сторон, беспристрастность, соблюдение судьями требований судейской этики, процессуальных сроков и т.д.

Необходимо отметить, что все сервисы дорабатываются и улучшаются с учетом предложений представителей юридической общественности, адвокатов и госорганов, а также по мере развития ИТ в мире и изучения успешного опыта других стран.

Мурат ТАНИБЕРГЕНОВ,
судья СМЭС Алматинской области.

КОВОРКИНГ ОРТАЛЫҒЫ МЕН ІТ СЫНЫП АШЫЛДЫ

ІЛЕ АУДАНЫНЫҢ Н. ТІЛЕНДИЕВ АУЫЛЫ №26 ОРТА МЕКТЕБІ БАЗАСЫНДА ІТ СЫНЫП ЖӘНЕ БОРАЛДАЙ АУЫЛДЫҚ КІТАПХАНАСЫНДА «КОВОРКИНГ» ОРТАЛЫҒЫНЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫ ӨТТІ. АШЫЛУ РӘСІМІНЕ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ХАТШЫСЫ, ДЕПУТАТ, ПАРТИЯ ФИЛИАЛЫНЫҢ СЫБАЙ-ЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ТӨРАЙЫМЫ РОЗА АБИ-ЛОВА, ІЛЕ АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ ЛӘЗЗАТ КАТКЕЕВА ЖӘНЕ ОКРУГ ӘКІМ ДАНИ-ЯР КАЗЕРБАЕВ ПЕН МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫ, ПАРТИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ИНФОРМАТИКА ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМДЕРІ ҚАТЫСТЫ.

«Жаңа ІТ сыныпта оқушыларымыз қазіргі заманғы ІТ технологияларды қолданумен білім алу бағдарламалаудың негіздері мен робототехника тереңдетіп зерделеу, қарапайым алгоритмдерді жа- сау, бағдарламалар мен WEB-сайттар, компьютерлік ойындар, анимациялар құру дағдыларын үйрену мақсатында тегін қосымша сабақтарға қатыса алады. Біздің аудан үшін бұл тағы бір үлкен жетістік, жастарға сыйланып отырған мол мүмкіндік тетігі деп біліңіздер», – дейді партия белсендісі Роза Михайловна.

Жаңадан ашылған Коворкинг орталығыда «Нұр Отан» партиясының 20 жылдық мерейтойына орай да ұйымдастырылды.

«Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында кітапханалар тек қана ақпараттық орталық емес, сондай-ақ, қызығушылығы мол жандардың пікір алмасу, бірлесіп оқу орталықтарына айналуы тиіс» – делінген.

«Нұр Отан» партиясының бастамасымен отандық кітапханаларды заманауи білім орталықтары ретінде қайта құрып, олардың жұмысын жандандыру ісі де қолға алынды. Нәтижесінде, бірыңғай онлайн кітапхана жүйесі қалыптасып, еліміздегі барлық кітап қоры электронды форматқа көшіріледі. Бұл жүйеге мәдениет саласына қарасты кітапханалармен қоса, барлық мектеп және университет кітапханалары да қосылады. Кітап – рухани азығымыз. Ол туралы көп айтуға болады. Бірақ қазір – ақпараттың дамыған уақыты. Жалпы цифрландыру – Елбасы

Жолдауы мен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының өзегі. Ол – заманның, оқырманның талабы», – дейді Іле аудандық кітапхананың директоры Мейрамгүл Жабиева.

«Орталықтың есігі кез келген жаңа ашық. Мұнда келушілерге барынша жағдай жасалынып, тегін ғаламтордан бастап жайлы орындарға дейін қарастырылады. Демек, бұл жерде жастарға бизнес, оқушыларға шығармашылық, сондай-ақ оқу бағдарламалары аясындағы озық жобаларын жүзеге асыруға мүмкіндік берілмек», – деп ой бөлісті Боралдай кенті «Аналар кеңесінің» төрайымы Мархаба Қаламбаева.

Салтанатты шара қонақтарға арналған шағын мерекелік ән кешімен жалғасты.

Ш. БАТЫРБАЕВ.

■ БАЙҒАЗЫ


«ЖЕТПІСТЕГІ ЖИДЕАҒАШ» ЖАРЫҚ КӨРДІ

Діңі қатты, діңгегі берік жидеағашының мықтылығы сонда: күй талғап, шөліккеуді білмейді. Көкке ұмсынған тым биік те емес, жерге шөккен аласа да емес. Тарам-тарам бұтағы мен солғын тартқан жапырағына қарап қарапайымдылық пен даналықтың, қазыналы қарттықтың үлгісі дерсіз. Бұлай деуіміздің себебі де жоқ емес. Әңгімемізге арқау болған кейіпкеріміздің де бейнесі – жидеағашындай тағылымды ғұмырдың егесі.

Ырым Суанбайұлы 1947 жылы Алматы облысының Ескелді ауданында өмірге келген журналист, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жазушы-баспагер. ҚазҰУ-дің үшінші курсына оқып жүріп-ақ «Лениншіл жас» газетіне орналасып, 11 жыл қызмет атқарды. «Шерханның шекпенінен шыққандардың» қатарында Ырым Кененбай да бар. Журналистика мен жазушылық – қос қанаты секілді. Журналистикада өз сүрлеу-соқпағын жаңылмай тауып, аянбай еңбек еткен ол кейіннен өзге де басылым беттерінде қолтаңбасын қалдырды. Таным мен түйсік топырағына терең бойлап, бояуы қанық шығармалар мен аудармаларды дүниеге әкелді.

Бүгінде 70-тің жотасына шығып, «Жетпістегі жидеағаш» атты кітабын жарыққа шығарған автор жастық жыры мен студенттік жылдарындағы тәтті естеліктерді, жары Науат апамызбен алмасқан хаттарды, тарихи танымдық еңбектерді бір арнаға тоғыстыра білген. Айта кетейік, қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген кітаптың таралымы – 5000 дана. Ерекше дизайнымен көзге түсетін кітаптың 400 парағы «Дерево жизни», «Ел қорғаны – Есберлі», «Шуақты жылдар», «Когда возвращаются лебеди» деген сынды өткен күндерден сыр шертетін әңгімелерден тұрады.

Данагүл БЕРЕКЕТ.



ТОҚСАН ДА ҚАЛДЫ ТАРИХТА


Биылғы жылы облысымызда Сарқан, Қаратал, Ақсу, Алакөл аудандарының құрылғанына 90 жыл толуы кең көлемде ұйымдастырылды. Сондай тамыры терең, тарихы кемел аудандардың бірі – ақ айдынды Алакөл ауданы.

Аудан жұртшылығы мерейтойға белсенді дайындалып, нәтижесінде отыз күн ойын, қырық күн тойын жоғары деңгейде атап өтті. Алакөл ауданының құрылғанына 90 жыл толуына байланысты өткізілген мерейтойлық шаралар негізінде Алакөл ауданы әкімдігінің қолдауымен «Тоқсанның төрінде Алакөл» атты жинақ жарық көрді. Кітапты құрастырып, әдеби өңдеген – Ахмет Кендірбекұлы.

Тамаша да тағылымды тойдан естелік қалдыру мақсатында шығарылған кітап он бөлімнен құралған. Атап айтсақ, «Аққарма тілек, ақ, адал ниет», «Салтанатты сәт» бөлімдерінде құттықтаулар, баяндамалар қамтылса, «Азуын айға білеген ақындар келді ауданға» бөлімінде ақындар айтысы, «Сексеннің сеңгірінде Сөкен ақын» бөлімінде Сөкен Иманасовқа арналған шығармашылық кеш, «Мүшәйра марапаты» бөлімінде мүшәйраға түскен өлең-жырлар енгізілген. Ал қорытынды бөлімі – «Алакөлдің атымтайлары» бөлімінде мерейтойға демеушілік жасаған азаматтар туралы ақпарат берілген.

Кітаптың басқа бөлімдерінде той суреттері, шығармашылық кештер, кездесулер, концерттер, дөңгелек үстелдер, спорттық ойындар, сұхбаттар, көрмелер мен басқа да мерейтой шаралары қамтылған.

Шынар МҰХАМЕДИЯР.



ЖҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ - ЖҰЛТ МАҚТАНЫШЫ

Е л б а с ы н ы ң
«Ұлы даланың жеті қыры»
мақаласын талқылауға байланысты
№18 орта мектеп-лицейінде «Ұлы Дала тарихы – ұлт мақтанышы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

«Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы тұжырымдамалық сипатқа ие және қуатты дүниетанымдық ұстанымды қамтиды. Ұлы даланың сан ғасырлық мұрасын ұрпақ санасына сіңіру, кеңінен насихаттау, жастарды ұлт тарихына деген көзқарасын қалыптастыру басты мақсаттардың бірі болуы керек. Мақала – өлемдік өркениетке өлшеусіз үлес қосқан Қазақстанның сан мың жылдық тамырлы тарихының көткені келтіріп, кемтігін толтыратын игі бастама.

Талқылау барысында әр бөлімі бойынша дөңгелек үстелге қатысушылар өз пікірлерін ортаға салды, негізгі зерттеулерді жүргізу қажеттілігі талқыланды.

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы – бүгінгі уақыт кеңістігінде біздің рухани тірегімізді одан әрі бекітуге, өлемге паш етуге аса қажет тұстарды айқын бағамдаған құнды құжат. Бұл мақала бір жағынан бүгінгі ойлы ұрпаққа жауапкершілік жүктеп, олардың өртенгі тың ізденістеріне жол ашуы тиіс. «Ел болашағы жастардың қолында, ертеңгі ел тарихы солардың еншісінде» дегенді Елбасымыз жиі еске салатыны бекер емес. Сондықтан, біз бүгінгі оқушылардың саналарындағы сан түрлі сұрақтарына түрткі болып, Елбасымыз ұсынған жобалады жүзеге асыруда олар да үлес қосуға ұмтылса екен дейміз. Біз айтып жатқан зор мәдени жетістіктер даламызға сырттан келмегенің, осы кең байтақ қазақ дала-сында пайда болғанын орынды мақтаныш етуіміз керек.

Ш. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА,
№18 мектеп-лицейінің директоры.

ТӘРБИЕ БАСЫ - ИМАННАН

Адамзат тарихындағы ұлы қолбасшылардың бірі Александр Македонский «Мен өзімнің ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін: әкемнен өмір алсам, Аристотельден өмірімді жақсы өткізу туралы білім алдым», – деген екен. Шәкіртке ілім мен ғылымды кез келген оқымысты үйрете алса керек, ал тәрбие мен тәлімді біліммен қатар бала бойына сіңіріп, көкірек көзін аша білген жанды ғана нағыз ұстаз деп ата жарасады. Осы орайда Талдықорған гуманитарлық-техникалық колледжінің ұйымдастыруымен өткен «Имандылық – инабаттылық айнасы» атты жиында рухани жан азығы жөнінде сөз болды.

Кездесу кешінің басты қонағы – облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы орынбасары Жұматай Оспанұлы мен Қазақстан Мұсылмандар Діни басқармасының Талдықорған өңірі бойынша өкіл имамы Ардақ Нүсіпханұлы. Алғаш болып сөз кезегін алып, қонақтарға ілтипатын білдірген, өңіріміздегі ана тілінде ғана білім беретін жалғыз оқу ошағының директоры Өсет Жұмаділов колледждің бүгінгі тыныс-тіршілігімен таныстырды.

Ұстаз бола тұра ізденімпаздылық пен еңбекқорлықты басты ұстаным деп санайтын оқытушылардың дені осы жиында бой көрсетті. Кездесу барысында сөз алған имам Ардақ Нүсіпханұлы: «Ұстаз – өлемді түзеуші адам. Қоғамда бір мықты тұлға шықса, оның ұстазын мақтан қылып айтамыз. Бәріміз де тұлға қалыптастырудың жолында жүрміз. Десе де, кейде өз баламызға қарайтын уақыт болмай қалады. Соның салдарынан балаларымызды қоғам мен көше тәрбиелеуде», – деп көңілді алаң қылған мәселеге тоқталып, қазір мешітке ата-аналардың ер балаларының қызтекеге ұқсап бара жатқандығын, қыздарының ерте бой түзеп, көше қыздарына еліктегіш екендігін айтып, ақыл сұрай келетіндігін ашына баяндады.

Қоғамда жастар тәрбиесінің халі мүшкіл екені ешкімге жасырын емес. «Ұстаз – ұлттың айнасы десек, шәкірттердің сіздерге қарап өсетіні хақ», – дейді Ардақ Оразбаев. Имам сөзінен кейін терме айтып, жиылған қауымның көңілін серпілткен Жұматай Оспанұлы: «Жаһандану дәуірі жағамызға жармасып, өзгенің қаңсығы таңсығымызға айналып бара жатқанда бізді арашалап алатын үлкен иммунитет керек. Ол – атадан балаға мұра болып келе жатқан дария дәстүріміз. Дәстүріміздің басында атаға құрмет, анаға ізет тұр. Ұлы даланың иесі болып қалуымыз үшін ұрпағымыз баба ғұрпын жүрекке сіңіруі керек», – деген ой айтып, өзін әңгімелері мен бала күнгі естеліктерінен мөлтек сыр шертті. Жиын барысында қонақтарға тәрбие хақында сұрақ қойып, рухани өңгімеге көңілі марқайып қайтқан ұстаздар өдемі көңіл-күймен тарқасты.

Өз тілшіміз.

НАША МОЛОДЕЖЬ

Листая каналы я наткнулась на сейчас самую известную программу «Қалаулым», это еще одно, и пройдя дальше опять же меня встретила программа «Кел келінім» на канале КТК. Мне стало очень интересно и я решила посмотреть. Дойдя до конца, как говорится этих реалити шоу ко мне пришла только одна мысль. Неужели у этих ребят нету родителей, которые смотрят телевизор или же социальные сети, потому что как я поняла сейчас они имеют довольно таки известную аудиторию среди женщин и молодых девушек. Будучи отцом или же матерью хоть одной девушки из этого проекта, я после первого же эфира не пустила бы своего ребенка на следующие съемки. Давайте теперь посмотрим с другой стороны на этот вопрос. Я ребенок этих родителей, и прежде всего я подумала бы о совести и чести, мне было бы стыдно представлять свои так сказать «любовные отношения» на показ всему Казахстану и перед отцом и мамой. Не знаю на сколько процентов эти программы подставные или же шоу, но я точно знаю что сейчас не сделает молодая девушка или молодой парень ради известности в инстаграм ну так сказать ради «хайпа». И такого рода известность наверное кружит голову, но я думаю не стоит забывать о чести, достоинстве и о тех близких людях которые наблюдают за тобой по ту сторону экрана. В основном 99% участ-



НАШЕ БУДУЩЕЕ



Сейчас как все мы знаем у нас в обществе есть глобальная проблема как воспитание нашей молодежи. Я не скажу что сама уже не вхожу в ряды молодых людей, но со стороны я уже могу посмотреть на 18-летних.

Как обычно в будние дни днем никто из нас не сидит дома. Но однажды получилось так что я сама оказалась днем перед телевизором в руках с пультом. И что же я увидела, что заставило меня написать вот этот вот материал...?

ников данных программ являются казахские девушки и парни. Не могу сказать что сейчас этим методом можно достучаться до их сердец, но хочу обратиться к их родителям: «пожалуйста не пускайте своих детей на такие программы если для вас важно их воспитание, и конечно трудно подумать что таким образом у вас дома будут ходить хорошая невестка или же будет хороший муж у вашей дочери».

Ведь как мы сами понимаем поколение которое растет сейчас это наше будущее.

А. АҚЫБАЕВА.

Единый совокупный платеж и его плюсы для казахстанцев

Новый 2019 год для наших сограждан начался с изменений, внесенных в ряд республиканских законов. Одно из новшеств в законодательной базе – введение в действие с 1 января 2019 года Единого совокупного платежа (ЕСП).

Что это такое и для чего вводится?

Главная причина введения единого совокупного платежа – это упрощение регистрации деятельности неформально занятых лиц. Он заменит собой 4 обязательных платежа в один разовый платеж: индивидуальный подоходный налог, обязательный пенсионный взнос в ЕНПФ, обязательное социальное отчисление в Государственный фонд социального страхования (ГФСС) и социальный взнос в Фонд социального медицинского страхования (ФОМС).

Какие плюсы нам это даст?

Плательщиком ЕСП признаются физические лица, осуществляющие предпринимательскую деятельность без регистрации в качестве индивидуального предпринимателя, которые одновременно соответствуют следующим условиям: уплатили единый совокупный платеж; не используют труд наемного работника, оказывают услуги только физ лицам, которые не являются налоговыми агентами (или) реализуют только физ лицам, не являющимся налоговыми агентами, сельскохозяйственную продукцию личного подсобного хозяйства собственного производства, за исключением подакцизной продукции.

Не признаются в качестве плательщиков ЕСП физлица, оказывающие услуги (выполняющие работы) на территории торгово-развлекательных центров (ТРЦ); лица, занимающиеся частной практикой, арендодатели нежилых помещений, лица, имеющие государственную регистрацию в качестве индивидуального предпринимателя, а также иностранцы и лица без гражданства, за исключением оралманов.

Для физических лиц, являющихся плательщиками ЕСП в соответствии со статьей 774 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс), обязательные пенсионные взносы в свою пользу, подлежащие уплате в ЕНПФ, составляют 30 процентов от 1-кратного размера месячного расчетного показателя в городах республиканского и областного значения, столице и 0,5-кратного размера месячного расчетного показателя - в других населенных пунктах.

При этом применяется размер месячного расчетного показателя, установленного законом о республиканском бюджете и действующего на 1 января соответствующего финансового года

У граждан, подпадающих под режим ЕСП, появляется возможность на облегченных условиях платить все платежи и участвовать в системах социального обеспечения. Также к плюсам единого совокупного платежа можно отнести и участие в системе обязательного социального медицинского страхования и получение доступа к медицинским услугам, неограниченным по сум-

ме и видам, с правом выбора медицинского учреждения после введения ОСМС.

Самым же главным плюсом для казахстанцев, являющихся плательщиками ЕСП, станет участие в накопительной пенсионной системе и получение базовой пенсионной выплаты в зависимости от стажа участия в системе. Кроме пополнения своих пенсионных накоплений в ЕНПФ, для плательщиков ЕСП появится возможность получать базовую пенсионную выплату в зависимости от стажа участия в пенсионной системе. Участник системы также может получить социальные выплаты в случаях утраты трудоспособности, потери работы, потери кормильца, беременности и родов, усыновления или удочерения ребенка, ухода за ребенком.

Еще одним из плюсов ЕСП значится существенная финансовая прибавка к минимально гарантированной государством социальной помощи в виде пособий, а также тот факт, что за счет подтверждения своего дохода, повышается потенциальная кредитоспособность граждан. То есть теперь плательщик ЕСП официально может получить кредит в банке, подтвердив свою платежеспособность регулярными взносами.

ЕСП подлежит уплате общей суммой через банки второго уровня или организации, осуществляющие отдельные виды банковских операций (например, через АО «Казпочта»). Платеж следует перевести на банковский счет Государственной корпорации "Правительство для граждан". Далее Госкорпорация распределяет платеж в

виде индивидуального подоходного налога (ИПН) и социальных платежей, затем перечисляет ИПН в бюджет региона, а социальные платежи в ЕНПФ, ГФСС и ФОМС.

И тут еще один плюс для вкладчиков ЕНПФ! Ранее открытие индивидуального пенсионного счета (ИПС) для учета обязательных пенсионных взносов (ОПВ) физическому лицу осуществлялось на основании заявления об открытии ИПС, поданному в ЕНПФ. С января 2019 года отсутствует необходимость физическим лицам обращаться в ЕНПФ для открытия ИПС для учета ОПВ – это будет происходить автоматически при поступлении первого взноса в случае отсутствия у физического лица в ЕНПФ открытого ИПС для учета ОПВ.

При этом идентификация физического лица будет осуществляться по персональным данным (ФИО, ИИН, дате рождения), указанным в электронном формате платежного поручения при перечислении ОПВ, а все необходимые сведения о реквизитах действующего документа, удостоверяющего личность физического лица, о месте постоянного проживания ЕНПФ будет получать из информационных систем государственных органов.

Отметим, что порядок открытия ИПС для учета обязательных профессиональных и добровольных пенсионных взносов остается прежним.

Для удобства вкладчиков открытие ИПС по учету добровольных пенсионных взносов также осуществляется онлайн на сайте ЕНПФ при наличии актуального ключа ЭЦП.

ЖЕҢІС

МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ МЕРЕЙІН АРТТЫРҒАН СПОРТШЫЛАР

Чемпионатта республикамыздың Астана, Қарағанды, Шымкент, Талдықорған т.б. қалаларынан құралған 15 велотрекші бақ сынады. Оның ішінде 8 спортшы Алматы облысынан қатысып, тек қана біздің облыс бойынша 4 алтын медаль, 1 күміс медаль, 3 қола медаль иеленіп, жанкүйерлердің мерейін үстем етті. Атап айтсақ, спортшыларымыз Ақпейіл Өсім – Панфилов ауданынан, Кристина Стужук – Сарқан ауданынан, Даниил Пехотин – Балпық би кентінен, Кристина Титовская, Сергей Пономарев пен Александр Сафаров – Талғар ауданынан.

Ақпейіл Өсім, Кристина Титовская, Кристина Стужук командалық жарыста; Сергей Пономарев гит жарысында; Кристина Титовская жекелей жарыста; Даниил Пехотин омниум жарысында топжарды. Командалық жарыста Даниил Пехотин күмістен алқа тақты. Ал Ақпейіл Өсім екі рет қола жүлдені скретч әрі омниум жарысында иеленсе, Александр Сафаров командалық спринтта қоржынға күміс салды.

Еліміздің көк байрағын желбіретіп, бәсекеде оза шапқан спортшылар мен жаттықтырушыларды аудан әкімдігі, денешынықтыру және спорт бөлімі жетістігімен құттықтап, сый-сияпат тарту етті.

Соның бірі, осы додада үш бірдей медальді қанжығалаған облысымыздың Панфилов ауданының тумасы Ақпейіл Өсім мен жаттықтырушысы Андреев Николай Карповичті аудан әкімі Темірлан Бектасов қабылдады. Топтық бәсекеде алтын медальді олжаласа, жекелей сында екі бірдей қола медальді иеленген Ақпейілге, сондай-ақ, жаттықтырушысына және қолдау көрсеткен жерлестеріне алғыс айтып, өз ризашылығын білдірді.

Спортшылар осы жетістікке жету үшін талай рет велосипедтен құлап жарақаттанса да, спортқа деген құлшынысы одан сайын артып, жеңіс тұғырынан көрінуге барынша талпынғандарын тілге тиек етті.

2010 жылы ашылған «Талдықорған қаласының Андрей Кивилев атындағы облыстық велоспорттан олимпиадалық резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебі» КММ – үздік мектептердің қатарында. Талай Азия чемпиондары осы мектептен түлеген. Одан басқа да спортшылары жеткен ірі жетістіктер көп. Мектептің соңғы екі жылда спортшылар құрамы өзгеріп, жастар қосылған. Жеңіспен оралған шәкірттері енді алдағы халықаралық додаларға дайындалу үстінде.

Доңыз жылы еліміздің велоспорт трек түрі үшін сәтті басталды. Ел намысын абыройлы қорғаған спортшылар Индонезия астанасы Жакартада өткен құрлықтық додада 14 медальді еншілеп, жалпы есепте үшінші орынға тұрақтады. 14 елден 300-ден аса спортшы қатысқан додада 5 алтын, 4 күміс, 5 қола жерлестеріміздің еншісіне бұйырды.

Мемлекетіміздің мерейін арттырған спортшыларды жанкүйерлері мен туыс-туғандары сондай-ақ, денешынықтыру және спорт бөлімі, Жастар ресурстық орталығы, оқыған мектеп ұжымы және басқа да қала тұрғындары күтіп алып, құрмет көрсетті.



Сапажанов Самат Сәулетұлы, Талдықорған қаласының Андрей Кивилев атындағы облыстық велоспорттан олимпиадалық резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебі» КММ директоры:

– Жыл енді басталды. Азия чемпионатынан жақсы дәрежеге жетіп, үшінші орынға тұрақтадық. Дайындығымыз мығым болды. Жас өскіндеріміздің жүлде алып, жеңімпаз болғаны бізді, мектепті ғана емес, қауым елді қуантты. Алдымызда талай белестер күтіп тұр. Атап айтсақ, ақпан айының он сегізі мен жи-

ырма үшінші ақпан аралығында Астана қаласында Қазақстан Республикасының чемпионаты, сәуір айында Өзбекстан мемлекетінде Тас жолдары Азия чемпионаты өтеді. Одан кейін Еуропада Әлем кубогі, Әлем чемпионаттары бар. Қазір соған дайындалудамыз. Ендігі мақсат – сайыста топ жарып, көк байрағымызды тағы да желбірету.

Ақпейіл Өсім, Азия чемпионы: – Қарсыластарымыз мықты, жарыс қиын болғаны сөзсіз. Бірақ біз қойылған мақсатқа жеттік. Осы жеткен жетістіктерім үшін бапкерлеріме алғыс айтқым келеді.



Әлі де талмай еңбектеніп, жеңіс тұғырынан көрінеміз деп ойлаймын.

Ұранды елдің ұрпағы қайсар болатыны ежелден белгілі. Сондай бірбеткей мінезі, қайраттылығымен, шыдамдылығымен қарсыластарын басып озған Алматы облысының спортшыларынан тағы да күтер үміт мол. Ал спортшыларымыздың жарыста биіктен көрінуіне

жаттықтырушының қосқан еңбегі орасан. Сондықтан жаттықтырушы мен спортшылардың жанарларындағы ұшқын отына қарап, жетістіктер мұнымен тоқтамақ емес, әлі де талай биікті бағындырады деп сенім білдіреміз. Жеңісті күндеріміз көп болғай!

Шынар ЖЕҢІСҚЫЗЫ.

СПАРТАКИАДА

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің профессорлық-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері арасындағы спартакиада өз мәресіне жетті. Бір апта көлемінде университеттің спорттық алаңдарында бірінші орын үшін қызу тартыс өтті. Алғашқы күннен бастап өзінің көшбасшылығын танытқан Физика-математика факультетінің командасы 61 ұпай жинап, ЖМУ-дың чемпионы атанды. Олардың алтын қоржынында баскетбол, волейбол (ерлер), шахмат, дөңбек және шағын футболдан бірінші орындар бар.



ҰСТАЗДАР БАҚ СЫНАДЫ

Жаратылыстану-техникалық факультетінің командасы өзінің мықты спорттық дайындығы, командалық рух пен жеңіске деген жігерін таныту арқылы жүлделі екінші орынды иеленді.

Жаратылыстану-техникалық факультетінен небәрі 3 ұпайға жеңіліп, Құдық және экономика факультеті үшінші орынды иеленді. Осы тұста өз қарсыластарына жеңуге мүмкіндік бермей, керемет ойын өрнегін көрсетіп, барлық кездесулерде жеңіске жеткен факультеттің волейбол қыздар құрамасын ерекше атап өтуге болады.

Командалардың қорытынды орындары:

- 1 орын – Физика-математика факультеті;
- 2 орын – Жаратылыстану-техникалық факультет;
- 3 орын – Құдық және экономика факультеті;
- 4 орын – Ректорат;
- 5 орын – Гуманитарлық факультет;
- 6 орын – Педагогика және психология факультеті;
- 7 орын – Әскери кафедра.

Барлық қатысушыларды спартакиаданың аяқталуымен құттықтап, жаңа жеңістер мен жетістіктер тілейміз!

ХОККЕЙ

Астаналық «Барыс» құрлықтық хоккей лигасында Магнитогорскінің «Металлург» командасымен кездесті.



«БАРЫС» «МЕТАЛЛУРГТЕН» АЙЛАСЫН АСЫРДЫ

Өткен жылдың 3 желтоқсанында Астанада өткен кездесуде «Барыс» аталмыш қарсыласын 3:2 есебімен ұтқан болатын. Магнитогорскіде өткен бүгінгі ойынның бірінші кезеңінде есеп ашылмағанмен, екінші кезеңнің 26-минутында «Барыс» сапынан Алексей Маклюков есеп ашты. Ал 31-минутта Даррен Диц есепті үстемелей түсті. Үшінші кезеңнің 49-минутында «Металлург» ойыншысы Андрей Чибисов есеп ашты. Кейін Дастин Бойд қорытынды есепті белгіледі. Осылайша «Барыс» қарсыласынан 3:1 есебімен басым түсті.



ҚЫЗҒА 40 ҮЙДЕН ТЫҰЫМ

1. Жарыса сөйлеуге;
2. Жалғыз қыдыруға;
3. Жыртақтап күліп, сыпсыңдап сөйлеуге;
4. Орынсыз ұрынуға;
5. Басқаларға қол тигізуге;
6. Өтірік, өсекке;
7. Суық жүріс, сумаң қылыққа;
8. Кісіге қарай керіліп есінеуге;
9. Талтайып отыруға;
10. Шалқайып жатуға;
11. Тамақты обырлана асауға;
12. Ұрлық-қарлыққа;
13. Ұятты мүшелерін ашып жүруге;
14. Бұраңдап қылымсуға;
15. Қызыл іңірде жатуға;
16. Түске дейін ұйықтауға;
17. Кісі алдында киім ауыстыруға;
18. Салт-дәстүрден атауға;
19. Елді ғайбаттауға;
20. Үлкендердің жолын кесіп, атын атауға;
21. Ішімдік пен шегімдікке;
22. Ұрыс-керіске;
23. Беттен алып, бет жыртасуға;
24. Қараулыққа, ысырапқа;
25. Рахымсыздық пен қатыгездікке;
26. Түнде суға жалғыз баруға;
27. Жат жыныстылармен араласып жатуға;
28. Күйеуге қашып тиюге;
29. Әдепсіз сөзге;
30. Тарс-тұрс етуге;
31. Адам мен жануарларды тебуге;
32. Кісіні қорлап жәбірлеуге;
33. Тәкәппарлық пен сыйқымазақ жасауға;
34. Айғай сүренге;
35. Шектен тыс сыланып жасануға;
36. Қызғаншақтық пен күншілдікке;
37. Менмендік пен өзімшілдікке;
38. Алдап-арбауға;
39. Көрсөқызарлыққа;
40. Нәпсі құмарлыққа тыйым.

деген екен...

ТАҢҒЫ ҰЙҚЫ ТАЛАЙЫҢДЫ ТАЛДЫРАДЫ



Арада бір апта өтіп төзімі таусылған Айша сұлу баяғы істі болған қайнысын шақырып алып: «Оу, мені алған ағаң қайда? Іздеп шығайық, ат әкел» – деп екеулеп күйеуін іздепті. Сөйтіп көрші ауылда жүр деген хабарды естіп барса, Әбділданың жырына жұрт ұйып отырғанның үстінен түсіпті. Сол арада қос ғашық қайта қауышып, қол ұстасып ауылға келіпті.

Алты айлап сапарлап кететін Әбділда Жүргенбаев үйдегі қам-қарекет тірліктің бәрін әйелдеріне тастап, олар аш па, жалаңаш па қарамапты. Гастрольден оралғанда ел-жұрт қаумалып, мал сойып арнайы күтіп, үйіне төте жібермеді. Өзі отырған үйге бала-шағасын алдырып, түнімен жырлап, халық «Қыз Жібекті» айт, «Көрғұлыны» айт деп таңға дейін жырлататын көрінеді.

Таң ағарып келе жатқанда кішкентай балаларға дейін тыңдап отырған жұрт маужырап, ұйқы қысады ғой. Сонда кекілі салбырап қалғып отырған жас балалар мен егде адамдарды серпілту үшін Әбділда зор дауыспен селт-селт еткізіп оятып отырыпты. «Ей!» – деп халықты өзіне қаратып алып:

Таңғы ұйқы талайыңды талдырады.
Бойы босап бәріңді балбырады.
Бағана жып-жинақы отқан қыздар,
Бұлардың да кекілі салбырады.
Таңертең жұмыс бар ғой, осыменен
Қояйын мен де енді домбыраны,
Әбділда тірі болса әлі талай,
Құмарын тыңдаушының қандырады, – деген екен.

Айтақын МҰХАМАДИ.

Белгілі ақын, Жазушылар одағының мүшесі, Халықаралық «Алаш», Мұқағали атындағы және Түркі әлемі «Ақбозат» әдеби сыйлықтарының лауреаты, «Тәуелсіздіктің 10, 20 жылдығы», «Ерен еңбегі үшін» медальдарының иегері, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Панфилов ауданының құрметті азаматы
Оразақын АСҚАРДЫҢ
қайтыс болуына байланысты редакция ұжымы қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ӘЛЕМДЕ ТҮРЛІ ҚЫЗЫҚ БАР

Дайверлер әлемдегі алып ақуламен Мұхитта біресе жүзгі



Гавай аралдарының жағалауында дайверлер әлемдегі ең үлкен ақ акулалардың бірін кезіктірді, – деп хабарлайды Medialeaks. Оның ұзындығы – 20 фунт (шамамен алты метр), салмағы – 2,5 тонна.

Deer Blue лақап атымен танылған акуланы 1999 жылы ғалымдар алғаш рет көрген. Ол соңғы рет 2013 жылы Мексика

жағалауында байқалған еді. Мамандардың пайымдауынша, алып балықтың жасы – 40-та, ол – мұхитта ең көп өмір сүрген тіршілік иесі.

Deer Blue өлген кашалоттың етін жеуге келген, Оушен Рэмси есімді дайвер онымен бірге түскен. Табиғатты қорғау The Shark Trust ұйымының маманы Джон Ричардсонның айтуынша, Deer Blue-мен мұхитта кездесу үлкен бақыт екен.

Ғалымдар оның іші едәуір өскенін айтады: бәлкім ол жүкті болуы мүмкін. Акуланың ұрғашысы жүкті кезінде адам баласына зиян келтірмейді. Мамандардың айтуынша, бұл жыртқыштар адамға әуесқойлықтан немесе өз құрбаны екен деп қателескеннен шабуылдайды екен.

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ

Адам мен құрма ағашының 7 ұқсастығы

1. Адам секілді құрма ағаштарының да орташа жасы 60-70 жыл. Ал ең ұзақ ғұмырлысы 100-110 жыл.

2. Адам секілді құрма ағашының ең жемісті кезі 15-45 жас аралығында болады. 60 жастан кейін жеміс бермейді.

3. Құрма ағаштары да адам секілді еркек-ұрғашы болып бөлінеді. Адам шашы тәрізді еркектерінің жапырағы тік және қысқа болса, ұрғашыларынікі ұзын және төмен қарай жайылып өседі.

4. Олар өзге өсімдіктер секілді тозаңдау жолы арқылы емес, ұрықтандыру арқылы көбейеді. Еркегінің ұрығын алып, ұрғашысына салып, қолдан ұрықтандырылады екен.

5. Жас ағаш ананың құрсағы секілді бүйірінен томпайым өсіп шығады. Белгілі бір уақыттан кейін ол ұрғашы құрма ағашының бүйірінен бөліп алынады да, жақын жерге отырғызылады. Егер анасынан алыс жерге отырғызылса, өліп қалады.

6. Адам басы секілді құрма ағашының да жоғарғы жағында «жұрма» атты домалақ басқару жүйесі орналасқан. Басқа ағаштардың жоғарғы жағын кесіп алып тастасаңыз, жанынан бұтағын жайып, өсіп кете береді. Ал құрма ағашы олай емес. Жұмрасын кесіп тастасаңыз, ағаш құрап кетеді. Яғни, өліп қалады.

7. Адам сусыз өмір сүре алмайды. Құрма ағашы да басқа ағаштарға қарағанда суды көбірек қажет ететін өсімдік. Ағашты күніне суарып тұру қажет екен.



Жазылмайтын ауру жоқ

Ресей, Қытай, Алтай өлкесінде білім-тәжірибесін ұштап қайтқан шипагер **Азам МҰСАҰЛЫ** Алматы қаласы Алатау ауданының әкімшілігі жанындағы үйінде ем жүргізуде.

Шипагер тамыр ұстап диагноз қояды. Аурудың көптеген түрлерін Алатаудың баурайынан жиналған таза шөп дәрілермен емдеп, алтын ине қойып, теңіз тұзы арқылы бұлаулар жасайды.

Емші бастағы ісік, мидағы шуыл, жүрек, бауыр, бүйрек, асқазан, бел (грыжа), шығың (төсекке жіберіп қою), қуық асты безіне суық тию (простатит), маңқа (гайморит), тік ішек (геморрой), аяқ-қол, буын ауруларын ойдағыдай емдеп жазып жүр. Сонымен қатар емші әйелдерге тән барлық ауруды емдейді және ерлі-зайыптылардың сәбилі болуына көмектесе алады.

Шипагердің жол ашуға мүмкіндік жасайтын, арнайы нүктелерге алтын ине қойып, артық қан алу арқылы айтарлықтай жасартатын ерекше қасиетке ие екенін атап айтуға болады.

Мекенжайы: Алматы қаласы, Шаңырақ-2 ықшам ауданы, Тоныкөк көшесі, 23-үй. (Алатау ауданы әкімдігінің маңы)

Байланыс телефондары: 8775 292 27 78, 8747 479 99 56, 8778 979 88 79

Деректер интернет көзінен алынды.

Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры
Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор
Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:

Шынар ЖЕҢІСҚЫЗЫ - редактордың орынбасары
Гүлнәз ЕРДАУЛЕТОВА - тілші
Еламан ТҮРСЫНҚАНОВ - тілші
Данагүл БЕРЕКЕТ - тілші

Кезекші редактор: Г. ЕРДАУЛЕТОВА.



Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қазқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42; факс: 41-09-29
E-mail: alatau_offset@mail.ru
E-mail: www.alatau.kz@mail.ru

Газет 07. 08. 2001 жылдан бастап шығады.

Таралымы 5058
Тапсырыс № 160

Индекс 15534



Құрылтайшы
"АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ